

Искоренение коррупции – ключевое условие для укрепления фундаментальной ценности нашего народа и государства – независимости. В Программе Противодействия коррупции заявлено, что главной задачей является формирование в обществе антикоррупционного мировоззрения и воспитания, правового сознания, консолидация государства и общества в борьбе с этим социальным злом. Ключевым условием достижения целей и задач Программы является становление новой модели отношений государства и общества на принципах доверия, взаимной ответственности, партнерства, прозрачности, открытости и подотчетности

Список литературы:

1. О противодействии коррупции: Закон Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года № 410-V. <http://adilet.zan.kz>.

2. Программа противодействия коррупции партии «Нұр Отан» на 2015–2025 годы. Утв. постановлением Политического совета партии «Нұр Отан» от 11 ноября 2014 г. № 001.

3. Сартаев С. А., Калшабаева М. Ж. Формирование негативного восприятия коррупции как показатель роста правовой культуры современного казахстанского общества. [http:// group-global.org/sites/default/files/](http://group-global.org/sites/default/files/)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Сарсенбаев А.Б. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті заң
факультетінің магистранты*

*Ғыл. жетекшілері: Мусин К.С. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
заң факультетінің доценті, Сопыханова А.Б. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
университеті заң факультетінің доценті*

Азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз ету өзінің қызмет көрсетуі мен қамтамасыз ету түрлерінің мазмұнына байланысты әр түрлі болып келеді. Мысалы, оларға: әр түрлі тікелей төленетін төлемдер (зейнетақы, жәрдемақы); жұмысқа орналастыру және оған қажетті мамандандырылған оқу мен қайта оқыту; асырау үшін мүгедектер үйінде, интернаттарда, емдеу-сауықтыру орындарында, демалу орындарында, санаторийларда және басқа да емдеу-профилактикалық мекемелерден жеңілдік орындарын ұсыну және тағы басқалар жатады.

Біздің мемлекетіміздегі, өзге құқықтар сияқты, әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабына сәйкес айтылған жағдайлар орын алған кезде жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, шығу тегіне, лауазымдық және мүліктік жағдайына, тұрған жеріне, дініне, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатысуына және өзге де жағдайларға қарамастан, Қазақстан Республикасының әр азаматына кепілдендіріледі [1].

Мемлекеттің әлеуметтік қорғалмаған дәрежедегі азаматтар үшін беделді өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету бойынша саясат саласында механизм және тәртіптік әлеуметтік бағдарлама құрастырылуда. Бұл санатқа әр түрлі әдіснамалық анықтамаларға негізделе отырып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскери қызметкерлері жатқызылады. Әлеуметтік бағдарлама тетігін жетілдіру саласындағы зерттеулер басқарманың барлық маңызды ресурстары мен факторларын есепке алу қажеттігін көрсетеді. Әлеуметтік бағдарламаны жетілдіруде кешенді ықпал тигізуді қамтамасыз етудің маңызды талабы болып ерекше әлеуметті-мәдени топ ретінде әскери қызметкерлердің мәдени және білім ресурстарын зерттеу болып табылады.

Әлеуметтік саясат теориясының тұрғысы бойынша, әлеуметтік қорғау – барлық деңгейдегі органдардың басқармалары мен басқа институттар, азаматтардың әлеуметтік, құқықтық және экономикалық кепілдемесі бекіткен заңнаманы жүзеге асыру бойынша механизм және басымдылық жүйесі, сонымен қатар қоғамның дамуындағы нақты талаптарға сәйкес халықтың әлеуметтік түрде тиімді өмір сүру деңгейіне қолжеткізу, әлеуметтік қызмет жүйесі [2. 96].

Ресей Федерациясы Президентінің қарамағында адам құқықтары бойынша құзыретті В.П. Лу-кин атап өткендей: «Әскери реформа талаптарына сай әскери қызметкерлердің өмір сүру деңгейін жоғарылауы, әлеуметтік қорғалулары, олардың атқарып жүрген еңбектеріне лайықты ақы төлеу сұрақтары аса маңыздылыққа ие болуда. Көбінесе әскери қызметкерлерге әр түрлі қосымша, компенсациялық, әлеуметтік және басқа да төлемдер ұсталып отырады. Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің сақтандыруын қамтамасыз етуде құқықтары жиі бұзылады» [3.68].

Әлеуметтік қорғаудың маңызды көрсеткіші болып өмір деңгейі табылады – бұл адамдардың игілігін қамтамасыз ету бойынша, айрықша сандық көрсеткішін сипаттайтын (еңбекақы мөлшері, кірісі, қызмет пен тұтыну көлемі, өндірістік және сатылушы тауарларды тұтыну деңгейі, тұрғын үй талаптары, денсаулық сақтау және т.б.), олардың материалдық және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін көрсетеді [4. 204].

Әлеуметтік қамтамасыз етудің конституциялық құқығы әскери қызметті өтіп жатқан азаматтарға тиесілі. Бұл азаматтарды әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету өзгеше түрде жүзеге асырылады, олардың әскер қызметінен кеткеннен кейін ары қарай жүзеге асырылады. Мұндай қамтамасыз ету, әскери қызметтен кеткен тұлғалар және олардың отбасы мүшелері, қалған азаматтармен салыстырғанда, жағдайлары анағұрлым маңызды. Олардың әскери қызметте орындаған уақыт аралығындағы жұмысымен және оның өту талаптарымен анықталады, әскери міндет әскери қызметтің ұзақтығымен, қызметтен шығару есебімен және басқа факторлар сипатымен түсіндіріледі.

Әскери қызметті өткен және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамтамасыз етудің негізгі қарастыратын сұрақтарының талаптары мен оның жүзеге асырылу тәртібі Қазақстан Республикасының «Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы», «Қазақстан Республикасында жасы бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы туралы» және «Қазақстан Республикасында арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы» заңнамаларымен қарастырылған.

Әрекет етуші заңнамаларға сәйкес бұл тұлғаларды әлеуметтік қорғау, оларды қандайда бір мемлекеттік міндеттерден босату немесе олар үшін кейбір басымдықтар беру, оларға белгілі бір әлеуметтік қызмет түрлерін ұсыну (қызмет көрсету), сәйкес ақша сомасын төлеу жолдарымен жүзеге асырылады [5.117].

Атап айтқан да «Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау мәртебесі туралы» Заңының 17-бабымен әскери қызметтен босатылған азаматтарға жұмысқа орналастыру бойынша қосымша құқық бекітілген. Әскери мерзімдік қызметті өтеп шыққан тұлғаларға жұмысқа орналасу кезінде өздері шақырылған мекемеге орналасу басымдылық құқығы қарастырылған.

Әскери қызмет уақыты үздіксіз жұмыс өтілі ретінде саналып, мамандығы бойынша мемлекеттік міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақы төлеу кезінде есепке алынады, еңбек сіңірген жылдар үшін бір ретті сыйақы, еңбекақысына пайыздық үстеме, жеңілдіктер ұсыну.

Әскери қызметтен шығарылған азаматтарды еңбекке орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік халықты жұмыспен қамту қызметінде олардың жұмысқа орналасу мен мамандық білімі бойынша құрылымдар құрылуда.

«Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау мәртебесі туралы» Заңында, сонымен қатар әскери қызметтен шығарылған тұлғаларды тұрғын

үймен қамтамасыз ету жеңілдік құқығы қарастырылған. Жекелеп қарастырғанда, Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынасы туралы» Заңының 5-бөлімі 101-бабында сол елді мекенде қызмет атқарған кезеңде қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үй берілген әскери қызметшілер он жыл әскери қызмет өтілінен кейін, ал еңбек сіңірген жылдары, науқастануы немесе штаттың қысқаруы бойынша қызметтен босаған кезде қызмет мерзіміне қарамастан, оны (әскери қалашықтарда, шекара бекеттерінде және өзге де жабық объектілерде орналасқан тұрғын үй-жайлардан басқасын) жекешелендіруге құқылы деп жазылған [6.].

Күнтізбелік есептеу бойынша еңбек сіңірген жиырма жыл немесе одан да көп, айтылған негіздер бойынша әскери қызметтен шығарылған әскери қызметкерлер тұрғын үйді ақысыз жекешелендіру құқығына ие.

Әскери қалашықтарда, шекара бекеттерінде және өзге де жабық объектілерде орналасқан тұрғын үй-жайлар тұрған әскери қызметкерлер, мұндай тұрғын үйді жекешелендіруге мүмкіншілік болмаған жағдайда, оның басқа жерден тұрғын үй алуы үшін, жекешелендіру құқығы соған сәйкес тұрғын үй құнымен орны толтырылады.

Жоғарыда айтылған жеңілдіктер тек бір рет қолданылады.

Әскери қызметтен шығарылған азамат пен оның отбасы мүшелерін (жеке санаттар) медициналық және санаторий-курорттық қызмет көрсету, денсаулығын сақтау сұрақтары бойынша жеңілдік тәртіпте әлеуметтік қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

Әскери қызметтен шығарылған азамат пен оның отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау шегінде ақшалай төлемдер зейнетақы және жәрдемақы түрлері ретінде қарастырылған. Әскери қызметтен шығарылған азамат пен оның отбасы мүшелеріне зейнетақы төлеу материалдық қамтамасыз ету, өмір сүрудің негізгі көзі ретінде қарастырылады. Әскери қызметтен шығарылған азамат пен оның отбасы мүшелеріне ақшалай жәрдемақы бұл тұлғаларға бір жолғы және басқа уақытша материалдық көмек ретінде белгіленеді. Әскери қызметтен шығарылған азаматтар үшін жәрдемақының негізгі үш түрі қарастырылған: бір жолғы, ай сайынғы әлеуметтік және бір жыл уақыт аралығында әскери шені бойынша еңбекақы мөлшерін төлеу. Әскери қызметтен шығарылған тұлғаларға бір жолғы жәрдемақы төленеді (оған әскерге шақыру бойынша әскери қызметтен өткен офицерлер жатқызылмайды): әскери қызметінде күнтізбелік 10-нан 15 жылға дейін еңбек сіңірсе — төрт айлық мөлшерді құрайды; 15 жылдан 20 жылға дейін — бес айлық мөлшерді; 20 жылдан 25 жылға дейін — алты айлық мөлшерді; 25 жылдан 30 жылға дейін — жеті айлық көрсеткішті; 30 жылдан артық — сегіз айлық көрсеткішті құрайды.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметкерлер бір айлық мөлшердегі көрсеткішті, ал айтылған тұлғалардың жетім балалар санынан, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар бес айлық көрсеткіш мөлшерде.

Әскери қызметтің өту барысында мемлекеттік орденмен марапатталған әскери қызметкердің бір жолғы жәрдемақы мөлшері екі айлық еңбекақы мөлшерін құрайды.

Қызметтен жасы бойынша шығарылған, штаттың қысқаруы немесе зейнетақыға құқығынсыз денсаулығы бойынша қызметтен шығарылу кезінде бір жолғы немесе демалыс жәрдемақысын сақтай отырып, ішкі істер органдарының орташа, бас және жоғарғы басшы тұлғалары мен офицерлеріне қызметтен шығарылған күннен арнайы немесе әскери шені бойынша жәрдемақы бір жыл көлемінде сақталып, төленеді. Оған қоса, егер көрсетілген мерзім ішінде айлық мөлшері көтерілсе, әскери немесе арнайы шені бар әскери қызметкерлердің және ішкі істер органдарының жоғары тұрған лауазымды тұлғалар құрамына, қызметте жүрген әскери қызметкерлерге, сәйкесінше әскери немесе арнайы шені бар әскери қызметкерлердің және ішкі істер органдарының жоғары тұрған лауазымды тұлғалар қызметтен шығарылғаннан кейін осы айлық мөлшерлері бір жылдық мерзім өткенше де өседі.

Әскери қызметкерлер санындағы отбасы мүшелерінің қайтыс болған зейнеткерлер, ішкі істер ор- гандарының басшылық және қатардағы құрамына, асыраушысынан

айрылған жағдай бойынша жәр-демақы белгілегеніне қарамастан, бір жолғы жәрдемақы әйеліне (күйеуіне) – асыраушының үш айлық мөлшердегі зейнетақысын төлейді және отбасының әр еңбекке жарамсыз мүшесіне – асыраушысының бір айлық мөлшердігі көрсеткіш зейнетақысын өзі қайтыс болғанға дейін төлейді [7].

Келісім-шарт бойынша әскери қызметін өтеуші солдат (матрос), сержант (старшина) лауазымындағы әскери қызметкерлер күнтізбелік санау бойынша сегіз жылдан кем емес уақыт қызметін атқарғандар, шығын орнын толтыру есебінде Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында бюджеттік құрал есебінің оқу құнының елу пайыздық мөлшерде ақылы түрде оқуға құқығы бар. Бұл жеңілдік бір рет қана қолданылады.

Айтылған шығынның орнын әскери қызметкерге өзі әскери қызметін атқарған мемлекеттік орган толтыруы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. (07.10.1998 ж., 21.05.2007 ж. және 02.02.2011ж. өзгерістер мен толықтырулар). — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
2. Холостова Е.И. Социальная политика. — М.: ИНФРА-М, 2001. — С. 165,
3. Разаев Д.А. Управленческие ресурсы программирования в сфере социальной защиты (на примере военнослужащих)// Социология образования. — 2008. — № 6. — С. 64–72.
4. Бестужев-Лада И.В. Уровень жизни, жизненный уровень, жизненный стандарт: Российская социологическая энциклопедия / Под общ. ред. Г.В. Осипова. — М.: НОРМА-ИНФРА, 1999. — С. 341
5. Кемелханов А.Ж. Сборник законодательств Республики Казахстан по военному праву. — Алматы: ТОО «Изд-во LEM», 2010. — 324 с.
6. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94–1 Заңы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.zakon.kz
7. Постановление Правительства РК от 26 августа 1998 года № 803 «Об утверждении Правил исчисления выслуги лет военнослужащим, сотрудникам органов внутренних дел РК, назначения и выплаты единовременных пособий». — [ЭР]. Режим доступа: zakon.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

*Сарсенбаев А.Б. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті заң
факультетінің магистранты*

Әскери қызмет— мемлекеттің Қарулы Күштері жүйесінде атқарылатын қызмет, бірқатар мемлекеттерде, оның ішінде Қазақстанда да әскери қызмет азаматтардың өз елінің, отанының алдындағы қасиетті парызы саналады [1.235]. Жалдамалы және шарт жасау арқылы белгіленетін әскери қызмет түрлері де болады. Онда әскери қызмет мерзімі, өтелетін орны, міндеті тағы басқа жағдайлары шартта көрсетіліп, белгіленген тәртіппен екіжақты расталады. Қазақстанда әскери қызметті өтеу тәртібі ҚР Конституциясында, «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» заңда (1993 жылы 19 қаңтар) және осы заңға Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен ендірілген заңдық күші бар қосымша өзгертулер мен толықтыруларда (1995 жылы 19 мамыр мен 14 қараша) тағы басқа құқықтық құжаттарда тұжырымдалған. Әскери қызмет қатарындағы әскери қызмет және запастағы әскери қызмет түрінен тұрады. Қатардағы әскери қызметтегі адам әскери қызметші аталады.